

**Бүгін көбікті
сауық кеші
болады!**



**Капучинатор
КТ-751**



4787116

Біздің техникамызды пайдалану кезінде мәселелер пайда болса, дүкенге хабарласпас бұрын Kitfort жедел желісіне қоңырау шалуды сұраймыз:

8-800-775-56-87

(дс-жм күндері Мәскеу уақыты бойынша 9:30 және 17:30 аралығында)

info@kitfort.ru

Біз жабдық жұмысының ерекшеліктері туралы айтып береміз және кез келген басқа сұраққа жауап береміз.

Мазмұны

Жалпы мәліметтер.....	4
Жинақ.....	4
Капучинатор құрылымы.....	5
Жұмысқа дайындау және пайдалану	6
Тазалау және қызмет көрсету	10
Күтім жасау және сақтау	10
Ақауларды жою	10
Техникалық сипаттамалары	11
Сақтық шаралары	12

Жалпы мәліметтер

КТ-751 капучинаторы — эспрессо негізінде жасалған сусындарға қосылатын сүт көбігін дайындауға арналған құрылғы. Құрылғы төрт режимде жұмыс істейді: ыстық және суық көпіршіту, жылытып және жылытпай араластыру.

Көпіршіту немесе араластыру аяқталған кезде капучинатор автоматты түрде өшеді. Жинақта 2 саптама бар: көпіршітуге және араластыруға арналған. Мөлдір қақпағы арқылы дайындау процесін бақылауға болады.

Капучинатор — сүтті өз бетімен көпіршіту, температураны қадағалау, қалың біртекті көбікті алу процесін меңгергісі келмейтін адамдар үшін керемет шешім. Жай ғана питчерді сүттің қажетті мөлшерімен толтырып, түймені басу қажет. Бірнеше минуттан кейін суық немесе ыстық сүт көбігі дайын болады. Бұған қоса, капучинатор көмегімен какао дайындауға және сұйықтықтарды араластыруға болады.

Жинақ

1. Капучинатор — 1 дана.
2. Негіз — 1 дана.
3. Қақпақ — 1 дана.
4. Араластыруға арналған саптама — 1 дана.*
5. Көпіршітуге арналған саптама — 1 дана.*
6. Пайдалану нұсқаулығы — 1 дана.
7. Кепілдік талоны — 1 дана.
8. Коллекциялық магнит — 1 дана.**


* Бір саптама питчердің түбіндегі оське орнатылған, екіншісі қақпақтың ішкі жағына бекітілген.

** Міндетті емес.

Капучинатор құрылымы



Көпіртуге арналған
саптама



Араластыруға арналған
саптама

Араластыруға арналған саптама сүтті жылыту кезінде араластыру үшін пайдаланылады. Сүтті араластырмай жылытқан кезде, ол күйіп қалуы мүмкін.

Көпіршітуге арналған саптама сүт көбігін алу үшін пайдаланылады.

Сүтті араластырған кезде капучинаторды үстіңгі максималды деңгей белгісіне дейін толтырмаңыз. Сүт көбігін алу кезінде сүтті төменгі максималды деңгей белгісіне дейін құйыңыз.

Жұмысқа дайындау және пайдалану

Жұмысқа дайындау

Бірінші рет пайдаланбас бұрын капучинатордың барлық бөлшектерін «Капучинаторды тазалау және қызмет көрсету» бөліміне сәйкес тазалаңыз.

Пайдалану

Қысқаша пайдалану нұсқаулығы

1. Капучинаторды тегіс бетке орналастырыңыз. Тиісті саптаманы таңдап, оны питчердің түбіндегі оське тығыз орнатыңыз.
2. Араластыру режимінде үстіңгі «MAX» белгісінен және көпіршіту режимінде төменгі «MAX» режимінен аспай, сүтті питчерге құйыңыз. Құйылған сүт «MIN» белгісінен төмен болмасын.
3. Қаппағын жауып,  жылытпайтын режимінің түймесін немесе  жылытатын режимінің түймесін басыңыз.

Енді әр режимнің толық сипаттамасын ұсынамыз.



Жылытып көпіршіту


Көпіршітуге арналған саптаманы питчердің түбіндегі оське орнатыңыз. Капучинаторды негізіне орнатыңыз. Негізді қуат көзіне қосыңыз.

Көлемі 130 мл-ден аспайтын питчерге төменгі «MAX» белгісіне дейін сүтті құйыңыз, белгіден асып кетсеңіз, сүт төгіліп кетеді. Температурасы 8-14 °C аралығындағы сүтті пайдалану ұсынылады. Капучинаторды қаппағымен жабыңыз.

 жылытатын режимінің түймесін басыңыз, содан кейін индикатор жанады. Капучинатор сүтті көпіршітіп, бір мезгілде жылытады. Сүт 60 °C-қа дейін жылыған кезде, капучинатор өшіп, индикаторы сөнеді. Көпіршіту функциясын қолмен өшіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

Ескертпе

Сүт температурасы 40 °C-қа дейін жеткен кезде, сүтті жылыту функциясы импульстік-кезеңдік режимде істей бастайды, яғни жылыту аз уақытқа өшіріліп, қайта қосылады.



Жылытпай көпіршіту

Көпіршітуге арналған саптаманы питчердің түбіндегі оське орнатыңыз. Капучинаторды негізіне орнатыңыз. Негізді қуат көзіне қосыңыз.

Сүтті көлемі 130 мл-ден аспайтын питчерге құйыңыз. Капучинаторды қақпағымен жабыңыз.

 жылытпайтын режимі түймесін басыңыз, содан кейін индикатор жанады. Капучинатор сүтті көпіршіте бастайды және сүт көбігі пайда болған соң, 2 минуттан кейін автоматты түрде өшеді. Көпіршіту функциясын қолмен өшіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

Жылытып араластыру

Сүтті жылытқыңыз келсе, жылытып араластыру режимін пайдаланыңыз. Сүт күйіп тәгілуі мүмкін, ал капучинаторда сүт автоматты түрде жылытылады.

Араластыруға арналған саптаманы питчердің түбіндегі оське орнатыңыз. Капучинаторды негізіне орнатыңыз. Негізді қуат көзіне қосыңыз.

Сүтті көлемі 300 мл-ден аспайтын капучинаторға құйыңыз. Капучинаторды қақпағымен жабыңыз.

 жылытатын режимінің түймесін басыңыз, содан кейін индикатор жанады. Капучинатор сүтті жылытып, бір мезгілде араластырады. Сүт 60 °C-қа дейін жылыған кезде, капучинатор өшіп, индикаторы сөнеді. Араластыру функциясын қолмен өшіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

Жылытпай араластыру

Сұйықтықты көпіршітпей араластырғыңыз келсе, капучинаторды жылытпай араластыру режимінде пайдаланыңыз.


Араластыруға арналған саптаманы питчердің түбіндегі оське орнатыңыз. Капучинаторды негізіне орнатыңыз. Негізді қуат көзіне қосыңыз.

Сұйықтықты көлемі 300 мл-ден аспайтын капучинаторға құйыңыз. Капучинаторды қақпағымен жабыңыз.

 жылытпайтын режимі түймесін басыңыз, содан кейін индикатор жанады. Капучинатор сұйықтықты араластырып, шамамен 2-3 минуттан кейін өшеді. Араластыру функциясын қолмен өшіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

Пайдаланудан кейін капучинаторды өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз.

Саптамаларға арналған салыстырмалы кесте

Саптама	Функция	MIN көлемі	MAX көлемі	Болжалды уақыт
	Жылытпай көпіршіту	100 мл	130 мл	2 мин
	Көпіршіту және жылыту	100 мл	130 мл	1-3 мин
	Жылытпай араластыру	100 мл	300 мл	2-3 мин
	Жылытып араластыру	100 мл	300 мл	3-5 мин

Назар аударыңыз!

- Капучинатордың жылыту режимінде жұмысынан кейін капучинатор салқындауы үшін кемінде 2-3 минутқа үзіліс жасау керек.
- Шыны-аяқтағы «MAX» белгісінен асырмаңыз, әйтпесе сүт төгіледі. Әр режим үшін өзінің «MAX» белгісі көрсетілген.

Кеңестер

Майлылығы 1,5% сүт пен құрамында лактоза жоқ соядан жасалған сүт нашар көпіршітіледі.

Қою көбікті алу үшін ақуыздың жоғары деңгейі бар капучинаторға арналған сүтті пайдалану қажет. Оның тағамдық құндылығы әдетте қаптамада көрсетіледі және 100 г сұйықтыққа 2,5 г-нан көп протеині бар қатынаста қою масса пайда болады.

Суық сүт ыстық сүтке қарағанда жақсырақ көпіршітіледі.

Қант көпіршіту процесін қиындатады.

Гомогенді майлы сүт қалыпты майлы сүтке қарағанда нашар көпіршітіледі.

Қайнаған сүт көпіршітілмейді.

Ыстық сүтті (70 °C-тан артық) және үй сүтін (тым майлы) көпіршіту іс жүзінде көпіршіту өте қиын.

Сүтті «MAX» белгісіне дейін толтырмаңыз: сонда араластырғыш ауаны жақсырақ алып, сүт жақсырақ көпіршітіледі.

Сүт нашар көпіршітілсе, тағы бір рет көпіршітіп көріңіз.

Сүт көбігін жасап, оны шыны-аяққа дереу құйыңыз, әйтпесе көбік құрылымы бұзылады.

Капучинатор сүт бактерияларының өсуі үшін керемет орта болғандықтан, капучинаторды пайдаланған сайын тазалаңыз.

Какаоны дайындаған кезде құйылған сүтке какао ұнтағын қосыңыз, әйтпесе араластыруға арналған саптама тұрып қалуы немесе осьтен ығысып кетуі мүмкін.

Эспрессо негізінде дайындалған сусындардағы сүт көбігінің қатынасы

Латте үшін 1:2:1 қатынасындағы кофе, сүт және сүт көбігі дұрыс болып табылады. Бұл — сусынның нақты формуласы, дегенмен кәсіби баристалардың көбі латтеге тек 2 см-ға дейін сүт көбігін қосу қажет екенін айтады, ал біркелкі араласқан сүт пен эспрессоның қатынасы шыны-аяқтағы қалған орынды толтыруы керек. Латте үшін сүт көпіршітілмей, көбінесе 60 °С-қа дейін жылытылады, осыдан кейін сүтті эспрессомен араластыру 70 °С-қа дейінгі дайын сусын температурасын береді. Латтені дайындау үшін көпіршіту кезінде сусынның үстіңгі бетіне көтерілетін көбіктің шамалы көлемін алу үшін капучинатор жұмысын өз бетімен басқару керек.

Капучино үшін сүт пен кофенің қатынасы 2:1 болады, бірақ сүттің орнына осында негізінде сүт көбігі пайдаланылады, сондықтан капучинодағы сүттің мөлшері өте төмен болады. Капучиноның классикалық мөлшері 180 мл-ден аспайды. Капучино үшін сүтті көпіршіту қажет. Дайындау түріне байланысты жылтыр немесе эластикалық не болмаса қою және құрғақ көбік жасалады.

Латте-макиато — қабатты латте. Қабатты сусындар немесе градиенттер әдемі көрінеді. Мұндай сусынды КТ-751 капучинатордың көмегімен дайындау өте оңай. Бір порция үшін мына компоненттер қажет:

- эспрессо — 35 г;
- майлылық деңгейі кемінде 3,5% сүт — 100 г;
- сироп/шоколад үгінділері/жаңғақтар/дәм қабық/кокос.

Көпіршітуге арналған саптамасы орнатылған капучинаторға сүт құйып, оны жылытыңыз. Құрамын стақанға немесе арнайы биік мөлдір айриш-бокалына құйыңыз, себебі шыны ыдыстарда бұл коктейль өте әсерлі көрінеді, сонымен қатар шыны ыдыстарда қабатты құрылымды дайындау процесін бақылау оңай болады.

Содан кейін кофе дайындаймыз. Эспрессо және макиато дәмді болуы үшін 7-9 г кофе дөндерін алып, сусынды дайындау алдында ұнтақтау қажет. Дайындалған ұнтақты туркаға салыңыз және оны 35 мл салқын су толтырып, отқа қойыңыз. Ең бастысы, кофені қайнатпау керек: оның көтеріліп жатқанын көргенде, турканы плитадан алып тастап, көбіктің түсуін күте тұру қажет. Мұндай іс рәсімін 5-7 рет қайталау қажет, содан кейін дәмі бойынша қант қосып, кофені екінші стақанға құюға болады.

Осыдан кейін ингредиенттерді араластыру қажет, осы кезде көбікті сақтап, әсерлі қабаттар жасауға болады. Ол үшін екінші стақаннан эспрессоны жіңішке ағынмен сүтке құю керек.

Нәтижесінде кофе ортасында болады, ал көбікте шағын қоңыр із ғана қалады, осы із кофеге атауын берді, итальян тілінде кішкентай дақ «macchia» [мақ'ча] деп аталады. Эспрессоны құю жылдамдығы мен қарқындылығын өзгертіп, бірнеше қабатты жасауға болады.

Дәмі бойынша сиропты, шоколад үгінділерін, жаңғақтарды, дәм қабығын немесе кокосты қосуға болады.


Бірінші рет дайындаған кезде мінсіз нәтиже шықпауы мүмкін, себебі ол үшін біраз машықтану қажет, дегенмен 2-3 рет дайындаған соң, керемет нәтиже шығуы керек.

Тазалау және қызмет көрсету

Капучинатор корпусын және негізді құрғақ не дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Саптамалар мен қақпақты су ағыны астында жууға болады. Ыдыс-аяқ жуғыш машинамен жумаңыз.

Питчерді сабынмен немесе ыдыс-аяқ жууға арналған сұйықтықпен жуып, сумен шайыңыз, содан кейін құрғатып сүртіңіз. Питчер қабырғаларының жабыны бүлінбеуі үшін қатты жөкелерді және абразивті тазалау құралдарын пайдаланбаңыз. Капучинаторды суға не су ағынының астына салмаңыз, қосу түймелерінің аймағына және капучинатор түбіндегі байланыс ойықтарына су тамшылары тимесін.

Қақпақтан тығыздағыш сақинаны шешіп, жүйелі түрде жуып тұрыңыз.



Күтім жасау және сақтау

Капучинаторды балалардың қолы жетпейтін құрғақ әрі салқын жерде сақтаңыз. Саптамаларды ыңғайлы сақтау үшін қақпақтың ішкі жағында пайдаланылмайтын саптаманы салуға болатын шығыңқы жер бар. Саптаманы осылай сақтау жоғалтуға жол бермейді.

Сақтамас бұрын капучинаторды мұқият жуып құрғатыңыз.

Ақауларды жою

Капучинатор қосылмайды

Ықтимал себебі	Шешімі
Розетка бүлінген	Құрылғыны дұрыс істейтін розеткаға қосыңыз
Капучинатор қызып кетті	Құрылғының салқындауын күте тұрыңыз
Капучинатордағы түймелер аймағына не түбіндегі байланыс ойықтарына су түскендіктен, капучинатор бұзылды	Қызмет орталығына хабарласыңыз

Саптама бұралмайды немесе шығып кетті

Ықтимал себебі	Шешімі
Питчерге қатты немесе созылмалы заттар салынды	Питчерге тек сұйықтықтарды құйыңыз

Сүт көпіртілмейді

Ықтимал себебі	Шешімі
Саптама дұрыс орнатылмады	Саптаманы оське тығыз орнатыңыз
Сүт мөлшері аз	Сүтті «MIN» белгісінен жоғары мөлшерде құйыңыз
Басқа саптама орнатылды	Көпірту саптамасын орнатыңыз

Сүт күйеді

Ықтимал себебі	Шешімі
Саптама орнатылмады	Саптаманы оське тығыз орнатыңыз
Сүт мөлшері тым аз	Сүтті «MIN» белгісінен жоғары мөлшерде құйыңыз
Пайдалану алдында питчер ласталды	Питчерді әр пайдаланудан кейін жуыңыз

Сіздегі жағдай жоғарыда көрсетілмесе, мәселені сипаттайтын фотосуретті немесе бейне файлды тіркеп, mfo@kitfort.ru мекенжайына хат жіберіңіз. Бұған қоса, құрылғы корпусының түбінде немесе артқы жағында орналасқан сериялық нөмірі көрсетілген жапсырманың фотосуретін жіберіңіз.

Техникалық сипаттамалары

1. Кернеу: ~220-240 В, 50/60 Гц
2. Қуаты: 500 Вт
3. Ток соғудан қорғау класы: I
4. Сыйымдылығы: 300 мл
5. Құрылғы өлшемі: 170 × 110 × 210 мм
6. Қаптама өлшемі: 165 × 135 × 205 мм
7. Таза салмағы: 0,9 кг
8. Брутто салмағы: 1,1 кг

Қызмет ету мерзімі: 2 жыл
Кепілдік мерзімі: 1 жыл
Тауар сертификатталған



Өндіруші: Цзянмэнь БНГ Илектрикэл Эплаенс МФГ. Ко., Лтд. Яшань Индастриэл Зоун, Сыцянь Таун, Синьхуэй Дистрикт, Цзянмэнь, Гуандун, Қытай.

Импорттаушы: «Аэро-Трейд» ЖШҚ. 197022, Санкт-Петербург қ.,
Инструментальная көшесі, 3-үй, лит. Х, 1-кеңсе.

Өндіруші ел: Қытай.

РФ аумағында шағымдар қабылдайтын өкілетті ұйым:

«Аэро-Трейд» ЖШҚ. 197022, Санкт-Петербург қ., Инструментальная көшесі, 3-үй, лит. Х, 1-кеңсе.

Өндірушінің жедел желісі: 8-800-775-56-87 (дс-жм Мәскеу уақыты бойынша 9:30 және 17:30 аралығында), info@kitfort.ru.

Қызмет орталықтарының мекенжайларын жедел желі операторынан немесе kitfort.ru сайтынан білуге болады.

Арнайы жою шарттары қолданылуы керек. Қоршаған ортаға зақым келтірмеу мақсатында осы нысанды қалыпты қалдықтардан бөлектеп, ең қауіпсіз әдіспен жою, мысалы, қалдықтарды жоюға арналған арнайы орындарға өткізу керек.

Өндірілген ай мен жыл қаптаманың төменгі жағында көрсетілген.

Өндіруші өнімді жақсарту мақсатында алдын ала ескертусіз өнім құрылымына, жинағына, сондай-ақ техникалық сипаттарына өзгертулерді енгізу құқығына ие.

Кепілдік шарттары

Корпустың, аксессуарлардың немесе құрамдас бөлшектердің механикалық бұзылуы кепілдік жағдайға жатпайды.

Сақтық шаралары

Пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Сақтық шараларға назар аударыңыз. Нұсқаулықты әрқашан қолжетімді орында сақтаңыз.

1. Құрылғы тұрмыстық қажеттіліктерге арналған және оны пәтерлерде, саяжайларда, қонақ үй нөмірлерінде, кеңселерде және басқа да өндірістік емес және коммерциялық емес мақсаттарға пайдалануға болады.
2. Капучинаторды тек белгіленген мақсаттарға және осы нұсқаулықта көрсетілген нұсқауларға сәйкес қолданыңыз. Құрылғыны мақсаты бойынша пайдаланбау тиісті пайдалану шарттарының бұзылуы ретінде қарастырылады.
3. Құрылғыны розеткаға қоспас бұрын, үстінде көрсетілген қуат көзінің параметрлері пайдаланылатын қуат көзінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
4. Ток соқпау үшін құрылғыны суға не басқа сұйықтықтарға салмаңыз.
5. Негізді қуат сымы арқылы тасымалдамаңыз. Ашаны розеткадан ажыратқан кезде, қуат сымын тартпаңыз.
6. Қуат сымы, аша немесе капучинатордың басқа бөліктері бүлінсе, құрылғыны пайдаланбаңыз. Ток соқпау үшін құрылғыны өз бетімен бөлшектемеңіз. Құрылғыны жөндеу үшін білікті маманға хабарласыңыз. Құрылғыны дұрыс жинамау құрылғыны пайдаланған кездегі ток соғу қаупін арттырады.
7. Балаларға, физикалық, сенсорлық не ойлау қабілеті шектелген адамдарға, сондай-ақ жеткілікті білімі мен тәжірибесі жоқ адамдарға капучинаторды тек осы адамдар қауіпсіздігіне жауапты адамдардың қадағалауымен немесе құрылғыны пайдалану нұсқаулары берілгеннен кейін қолдануға рұқсат беріледі. Балаларға капучинатормен ойнауға рұқсат етпеңіз.
8. Қасыңызда балалар не үй жануарлары болған кезде, капучинатор жұмысын бақылаңыз.
9. Жұмыс істеп тұрған капучинаторды бақылаусыз қалдырмаңыз. Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз немесе қызмет көрсету алдында құрылғыны өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз.
10. Капучинаторды қабырға мен үстел шетінен кемінде 10 см қашықтықта тек тұрақты тегіс бетке орнатыңыз. Капучинаторды балалар ыстық бетін абайсызда ұстай алмайтындай етіп орнатыңыз.
11. Құрылғыны қосу бұғатын ескеріңіз.
12. Капучинатордың құлауына және соғылуына жол бермеңіз.
13. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтаңыз.

14. Тек өндіруші ұсынатын аксессуарлар мен құрамдастарды пайдаланыңыз.
Өзге қосалқы бөлшектерді пайдалану құрылғының бұзылуына немесе жарақаттарға себеп болуы мүмкін.
15. Қозғалатын механизмдерді ұстамаңыз.
16. Құрылғыны сұйықтықсыз пайдаланбаңыз. Питчерді әрқашан «MIN» белгісінен асырып және «MAX» белгісінен төмен деңгейде толтырыңыз.
17. Құрылғыны қақпағын ашып пайдаланбаңыз. Әйтпесе құрамы төгіледі.